# ТАЛАПКЕР – 2021
# 2021 ЖЫЛЫ ЖОО-ҒА ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

## БІЗДІҢ ЖАЗЫЛУШЫ-ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАР

**– ЖОО-ға ҰБТ-сыз ақылы негізге түсуге бола ма?**

– Тек шартты түрде ғана түсуге болады. Егер сіз барлық тестілеуден өте алмаған болсаңыз, онда сізге бірінші семестрді шартты түрде оқуға мүмкіндік беріледі. Оны бітірген соң қаңтар айында университетте оқуын жалғастырып, ресми түрде оқуға қабылданған студент болу үшін ҰБТ тапсыру керек.

**– Аттестаттың орташа бағасы биология мұғалімі мамандығы бойынша грант алуға әсер ете ме? Немесе ҰБТ-ның жақсы балдары 4 балдық орташа бағаның жетіспеушілігін жоя ала ма?**

– Аттестаттың орташа балы мемлекеттік гранттар конкурсында сізде басқа талапкермен бірдей балл болған жағдайда ғана әсер етеді. Мұндай жағдайда аттестаттың орташа балының неғұрлым жоғары болуына байланысты сіз тізімде жоғары боласыз. ҰБТ-ның жоғары балы талапкерлер арасында гранттарды бөлудің басты критерийі болып қала береді.

**– Оқуға түсушілердің қандай санаттары жатақханада тұруға орын ала алады?**

– Жатақханаға орналасуға басқа қаладан келген барлық студенттер үміткер бола алады. Жатақханадан




Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана осуществляет подготовку специалистов иноязычного профиля, передавая молодому поколению опыт в лучших традициях иняза.
КазУМОиМЯ имени Абылай хана получил признание, пройдя в 2011 году Международную и в 2014 году - Национальную аккредитации.
Согласно рейтингу Агентства QS (Великобритания), университет вошел в ТОП 100 университетов Восточной Европы и Центральной Азии.
В Национальном рейтинге аккредитационного агентства НААР при МОиН РК КазУМОиМЯ вошел в 10-ку лучших вузов Республики Казахстан.
КазУМОиМЯ им. Абылай хана - многопрофильный научно-образовательный комплекс по подготовке специалистов по широкому спектру международных отношений и иностранных языков. Обучение ведется на 17 языках по 39 направлениям и 49 образовательным программам. КазУМОиМЯ им. Абылай хана является членом 12 авторитетных международных организаций. В области образования сотрудничает более чем со 130 вузами мира, с рядом из которых установлены совместные программы по двухдипломному образованию.
КазУМОиМЯ им. Абылай хана готовит специалистов по следующим специальностям: международные отношения, международное право, экономика, мировая экономика, государственное и местное управление, регионоведение, юриспруденция, маркетинг, менеджмент, журналистика, связь с общественностью, туризм, ресторанное дело и гостиничный бизнес, переводческое дело, иностранная филология, иностранный язык: два иностранных языка.

**Справки: тел. 8 (727) 292 23 73, 292 44 60**
**Сайт: www.ablaikhan.kz. E-mail: 2922373@mail.ru**
**Официальная страница вКонтакте и Instagram: kazumo23**

орын алу үшін құжаттарды тапсырған кезде университетке өтініш жазу керек. Көптеген университеттерде ең алдымен халықтың әлеуметтік әлсіз санатына жататын студенттерге орын беріледі.

**– Колледжден кейін ЖОО-ға түсу үшін қандай құжаттар қажет?**

– Колледжді бітіргені туралы диплом, жеке куәлік (көшірмесі), ҰБТ сертификаты (бар болса), тіркеу куәлігі (ұлдар үшін), 086У және 063 медициналық анықтамалар, 3×4 фотосурет (6 дана).

**– Мен ҰБТ кезінде ағылшын тілін тапсырамын. IELTS тапсыру маған ҰБТ-да 6.0-7.0 балл қосады ма?**

– Иә, Егер сіз мемлекеттік гранттар конкурсында немесе университетке түсу кезінде IELTS 6.0 және одан жоғары сертификатын ұсынатын болсаңыз, онда «ағылшын тілі» пәні бойынша сізге ҰБТ-да 45 балл қойылады.

**– Егер мен әр түрлі бағдарламалар бойынша түрлі университеттерге құжаттар тапсыратын болсам, онда барлық оқу орындарынан грант тағайындауға өтініш алуым керек пе?**

– Жоқ. Мемлекеттік гранттар конкурсы кезінде университет өтініштерді қабылдау пункті болып табылады, содан кейін олар Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі. Конкурсқа өтініш берген кезде сіз әлі университетке түспейсіз. Сондықтан сізде бір мәлімдеме болуы керек. Мәлімдеменің өзінде сіз тек төрт университетті және білім беру бағдарламаларының төрт тобын ғана көрсете аласыз.

**– Оқушының спорттық дағдылары қарастырыла ма?**

– Спорттық дағдылар қарастырылмайды. Спорттық жетістіктер тек спорттық білім беру бағдарламаларына түсу үшін ғана артықшылық бола алады.

**– Дене шынықтыру және тәрбиесі мұғалімдеріне нашар аттестатпен оқуға түсуге бола ма?**

– ҰБТ балдары оқуға түсудің басты критерийі болып табылады. Университетке қабылдау кезінде сертификат үлкен рөл атқармайды. Осы мамандық бойынша университетке түсу үшін сіз мазмұнына арнайы физикалық стандарттар кіретін қосымша шығармашылық емтихандарды тапсыруыңыз керек.

**– Бір уақытта екі білім алуға бола ма?**

– Иә, алуға болады. Кейбір университеттерде Major және Minor бағдарламалары бар. Major – негізгі мамандық, Minor – қосымша мамандық. Осылайша, бүкіл оқу барысында сіз өзіңіздің негізгі мамандығыңыздың пәндерін оқи аласыз, сонымен қатар басқа мамандықтың пәндерін де оқуыңызға болады.

**– «Аударма ісі» мамандығы бойынша білім алып, шет тілін оқытуға бола ма?**

– Мектептер мен колледждерде сабақ беруге үміткерлерден педагог дипломдары қабылданады. Сондықтан міндетті түрде «Шет тілі. Екі шет тілі» білім беру бағдарламасын аяқтау қажет.

**– Қызмет көрсету саласы бойынша қандай мамандықтар бар?**

– Қызмет көрсету саласына келесі білім беру бағдарламалары кіреді: «туризм», «мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі», «бос уақыт», «санитарлық-профилактикалық іс-шаралар», «логистика», «көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру».

**– Шығармашылық емтихан университеттің өзінде өтеді ме? Немесе емтиханды өз қалаңда тапсыруға болады ма?**

– Шығармашылық емтихандарды міндетті түрде өзіңіз оқуға түсетін университетте тапсыруыңыз керек.

**– Егер мемлекеттік грантқа оқуға түспесем, мен әкімнің немесе Президенттің оқу грантын ала аламын ба?**

– Иә. Мемлекеттік гранттарды бөлу конкурсының нәтижелері жарияланғаннан кейін бірден Қазақстанның әр облысы әкімі гранттарының байқауы өтеді.

*Гүлім СОВЕТҚАН*
*дайындады*




## АННОТАЦИЯ

В рубрике «Профориентация в Казахстане» освещаются актуальные темы, касающиеся поступления в колледжи и вузы Казахстана в текущем году, приводятся ответы на вопросы студентов, которые они задают на профориентационных форумах, проводимых журналом «Современное образование», и присылают в редакцию журнала.